



БЕКІТІМІ  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» ҚААТ  
басқарма төрағасы-ректор  
А.М. Наметов  
« 29 » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

**БАСҚАРМА ЕРЕЖЕСІ**  
**ҒЫЛЫМ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ**  
**СМЖ.07.БЕ.09**

№ 00 басылым  
№ \_\_\_\_ дана

Дайындады: 27.02.2024ж. И.С. Бейшова <u>И.С. Бейшова</u>	Келісілді: 28.02.2024ж. Шәмшідін Ә.С. <u>Шәмшідін Ә.С.</u> Алмагамбетова М.Ж. <u>Алмагамбетова М.Ж.</u> Таскалиев Е.К. <u>Таскалиев Е.К.</u> Ихсанов Е.Б. <u>Ихсанов Е.Б.</u>	Енгізілді: 01.03.2024ж. Алғашқы рет Қайта каралуы: 01.03.2024ж.
---	---	--

## Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты
4. Қызметтері мен міндеттері
5. Құқықтары
6. Жауапкершілігі
7. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Ғылым басқармасы университетте ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге бағытталған бөлім болып табылады;

1.2. Ғылым басқармасы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылымдық бөлімі болып табылады, өзінің жеке балансы және заңды дәрежесі жоқ, басшымен басқарылады, Ғылым жөніндегі проректорға бағынады;

1.3. Ғылым басқармасы осы ережеге сәйкес өз міндеттерін орындауға; басым және мамандандырылған ғылыми бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстардың өткізілуін қамтамасыз етуге, ғылыми зерттеулердің тиімділігін дамыту мен көтеруге, аймақтық орындаушы органдарының мемлекеттік тапсырысы бойынша, шаруашылық ететін субъекттердің келісім-шарттары, гранттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауға, университет бойынша ғылыми басылым жұмысын ұйымдастыруға және студенттер, магистранттар, докторанттар мен оқытушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыстыруға бағытталған;

1.4. Ғылым басқармасы өз қызметінде ҚР-ң заңдарын, Үкіметтің үкімдерін және қаулыларын, ҚР-ң ҒЖБМ, Ғылым комитетінің, университет ректорының бұйрықтарын және басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады;

1.5. Ғылым басқармасының басшысы – Сынау орталығының директоры Ғылым жөніндегі проректордың ұсынуымен, университет ректорының бұйрығымен тағайындалады;

1.6. Ереже Ғылым басқармасының негізгі мақсаттарын, қызметтерін, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, құрылымын анықтайды.

## **2. Құрылымы мен штаты**

2.1 Ғылым басқармасының штатын Басқарма төрағасы-ректор Ғылым басқармасы басшысы – Сынау орталығының директорының ұсынуымен тағайындайды және лауазымынан босатады.

Ғылым басқармасының штаты:

- Ғылым басқармасының басшысы – Сынау орталығының директоры -1,0 бірлік;
- Ғылыми қызметтің сарапшы талдаушысы – 1,0 бірлік;
- Патентанушы (патентовед) маман – 1,0 бірлік;
- Ғылыми басылым жөніндегі сарапшы –1,0 бірлік.

## **3. Мақсатымен негізгі міндеттері:**

3.1. Университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша іргелі, іздестіру және қолданбалы ғылыми зерттеулер саласында институттар мен

Университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелері жүргізетін ғылыми қызметті ұйымдастыру және үйлестіру;

3.2. Ғылыми қызметті жүзеге асыру саласында университет алдында тұрған міндеттерді тиімді орындау мақсатында ғылыми ақпаратты әзірлеуді, талдауды және таратуды ұйымдастыру;

3.3. Ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын, институттардың және университеттің басқа құрылымдық бөлімшелері мен сыртқы ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, университеттің ғылыми қызметінің жылдық жоспарын қалыптастыру. Университеттің ғылыми қызметінің қорытындылары туралы есеп жасау;

3.4. Университет бойынша ғылыми басылым жұмысын ұйымдастыру, ғылыми жұмыстарға сын пікірлер мен тұжырымдамалар беруді ұйымдастыру;

3.5. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

3.6. Университеттің институттарымен бірлесіп ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық, ғылыми-әдістемелік конференциялар, семинарлар, кеңестер және өзге де ғылыми іс-шаралар ұйымдастыру;

3.7. Халықаралық ғылыми байланыстарды жүзеге асыру.

#### **4. Қызметтері мен міндеттері**

4.1. Ғылыми зерттеулердің жоспарларының жобаларын жасақтайды;

4.2. Зерттеулердің және жасақтаудың қазіргі заманға сай ғылыми-техникалық деңгейде өтуін, жүргізілетін жұмыстардың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді;

4.3. Ғылыми зерттеулердің техникалық тапсырмалар және бағдарламаларға сәйкес уақытында және сапалы өтуін бақылайды;

4.4. Өткізілетін зерттеулердің қажетті жағдайларда мемлекеттік тіркелуін және ғылыми-зерттеу іздену жұмыстары бойынша тапсырма берушіге есеп беруін уақытында және дұрыс болуын қамтамасыз етеді;

4.5. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми қызмет жоспарларын және ЖОО-ның ғылыми қызметін жүзеге асыру шеңберінде жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді уақтылы орындалуын бақылау;

4.6. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарына басшылық етуге қатысты мәселелері бойынша шешім қабылдау;

4.7. Университеттің ғылыми жұмысына қатысатын зияткерлік меншік объектілерінің авторларына, олардың құқықтарын қорғауды және заңды мүдделерін іске асыруды жүзеге асыруға көмек көрсету;

4.8. Отандық ғылымды дамыту бағытында халықаралық ғылыми байланыстарды жүзеге асыру, сыртқы ұйымдармен ынтымақтастықты қалыптастыру;

4.9. «Ғылым және білім» журналының қызметінің жоспарлары жүргізілуін қадағалау және оның нәтижелерін есепке алуды жүзеге асыру.

Ғылым басқармасы осы ережеде артылған мақсаттар мен қызметтерді толық мөлшерде орындауға тиісті.

## **5. Құқықтары**

- 5.1. Ғылыми-зерттеу жасақтаулар мен зерттеулерді жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге;
- 5.2. Ғылым басқармасының мәселелері талқыланып және шешілетін университет бөлімшелерінің жұмыстарына қатысуға;
- 5.3. Университет ректорымен бекітілген басқарманың жоспарларына керекті жағдайларда өзгерістерді енгізуге.

## **6. Жауапкершілігі**

- 6.1 Осы ережеде көрсетілген мақсаттардың, міндеттердің, қызметтердің, құқықтардың сапалы және мезгілімен орындалуына Ғылым басқарма басшысы – Сынау орталығының директоры жауап береді;
- 6.2. Ғылым басқармасының басқа қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген.

## **7. Сілтемелер**

- 7.1 ҚР «Білім туралы»ҚР Заңы. 27.07.2007 ж. №319-III;
- 7.2 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы 18.11.2015 ж. №410- V
- 7.3 ҚР «Ғылым туралы»ҚР Заңы 18.02.2011 ж.№407-IV-IV;
- 7.4 ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. №414-V ҚРЗ;
- 7.5 ҚРСТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
- 7.6 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ң 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы
- 7.7 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;
- 7.8 Университеттің ішкі тәртіп ережелері. СМЖ.08.ҚЕ.06;
- 7.9 Университеттің ішкі нормативті құжаттары.